

**«Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33166 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарында:

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары» деген 1-тарауда:

ескертпелерде:

9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«9. Көру қабілеті зақымдалған балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында және осындай балалар үшін арнайы топтар құрылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында әрбір топқа лауазымның бір штат бірлігі тифлопедагог және әрбір 3 топқа лауазымның 0,5 штат бірлігі есебінен медициналық аппаратураны жөндеу жөніндегі техник лауазымдарының штат бірліктері белгіленеді.»;

мынадай мазмұндағы 13,14 және 15-тармақтармен толықтырылсын:

«13. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы топтар құрылмаған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында:

мүмкіндігі шектеулі бір бала болған кезде лауазымның 0,5 штат бірлігі,

мүмкіндігі шектеулі балалар тәрбиеленетін және оқытылатын әрбір 5 топқа 1 лауазым штат бірлігі есебінен арнайы педагог лауазымының штат бірлігі белгіленеді.

14. Интеллекті бұзылған балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында және осындай балалар үшін арнайы топтар құрылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында әрбір топқа дефектолог-мұғалім (олигофренопедагог), логопед лауазымының бір штат бірлігі белгіленеді.

15. Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында және осындай балалар үшін арнайы топтар құрылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында әрбір топқа дефектолог-мұғалім (олигофренопедагог), логопед, емдік дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушы лауазымының бір штат бірлігі белгіленеді.»;

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары» деген 2-тарауда:

«Мектеп-балабақша» кешендерінде:

ескертпелерде:

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. «Мектеп-балабақша» кешендерінде мүмкіндігі шектеулі бір бала болған кезде лауазымның 0,5 штат бірлігі, мүмкіндігі шектеулі балалар тәрбиеленетін және оқытылатын әрбір 5 топ/сынып-жиынтық үшін лауазымның 1 штат бірлігі есебінен арнайы педагог лауазымының штат бірлігі белгіленеді.»;

Жалпы білім беретін мектептерде:

ескертпеде:

екінші абзац алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

«Жалпы білім беретін мектептерде мүмкіндігі шектеулі бір бала болған кезде лауазымның 0,5 штат бірлігі, мүмкіндігі шектеулі балалар тәрбиеленетін және оқытылатын әрбір 5 топ/сынып-жиынтық үшін лауазымның 1 штат бірлігі есебінен арнайы педагог лауазымының штат бірлігі белгіленеді.»;

Лицейлер, гимназиялар (мектеп-лицейлер, мектеп-гимназиялар), эксперименттік алаңдарда:

мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:

«Лицейлер, гимназиялар (мектеп-лицейлер, мектеп-гимназиялар), эксперименттік алаңдарда мүмкіндігі шектеулі бір бала болған кезде лауазымның 0,5 штат бірлігі, мүмкіндігі шектеулі балалар тәрбиеленетін және оқытылатын әрбір 5 сынып-жиынтық үшін лауазымның 1 штат бірлігі есебінен арнайы педагог лауазымының штат бірлігі белгіленеді.»;

Жалпы және санаторийлік үлгідегі мектеп-интернаттарда:

ескертпелерде:

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Жалпы және санаторийлік үлгідегі мектеп-интернаттарда мүмкіндігі шектеулі бір бала болған кезде лауазымның 0,5 штат бірлігі, мүмкіндігі шектеулі балалар тәрбиеленетін және оқытылатын әрбір 5 сынып-жиынтық үшін лауазымның 1 штат бірлігі есебінен арнайы педагог лауазымының штат бірлігі белгіленеді.»;

«Даму мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдерге арналған арнаулы ұйымдар қызметкерлерінің үлгі штаттары» деген 4-тарауда:

тараудың атауы мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«4-тарау. Мүмкіндігі шектеулі балаларға (адамдарға) арналған арнайы білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары»;

ескертпелерде:

5-тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«5. Бір немесе бірнеше мектепке дейінгі топтары бар арнайы білім беру ұйымдарында әрбір топқа мынадай лауазымдар:

тәрбиеші – екі штат бірлігі;

есту қабілеті бұзылған балаларға арналған топтар сурдопедагог, көру қабілеті бұзылған балаларға арналған тифлопедагог, интеллектісі бұзылған балаларға арналған олигофренопедагогы (дефектолог) - бір штат бірлігі белгіленеді.»;

17-тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«17. 150-ден астам балалар контингенті бар арнайы білім беру ұйымдарында балалардағы бұзушылық түріне байланысты бейіні бойынша дәрігер лауазымының бір штат бірлігі қосымша енгізіледі.»;

«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау арнаулы ұйымдарының қызметкерлерінің үлгі штаттары» деген 7-тарауда:

тараудың атауы мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«7-тарау. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсететін ұйымдар қызметкерлерінің үлгі штаттары»;

7-тарау мынадай мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

«Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар

| Лауазымдардың атауы                     | Штат бірліктерінің саны |
|-----------------------------------------|-------------------------|
| Басшы                                   | 1                       |
| Әдіскер                                 | 1                       |
| Дефектолог-мұғалімі (олигофренопедагог) | 1                       |
| Сурдопедагог                            | 1                       |
| Тифлопедагог                            | 1                       |
| Логопед-мұғалімі                        | 1                       |
| Педагог-психолог                        | 1                       |
| Әлеуметтік педагог                      | 1                       |
| Тіркеуші                                | 1                       |
| Статист                                 | 1                       |

|           |   |
|-----------|---|
| Бухгалтер | 1 |
|-----------|---|

Ескертпелер:

1. Медициналық бейіндегі мамандары, оның ішінде психиатр-дәрігер, невропатолог-дәрігер, сурдолог-дәрігер, офтальмолог-дәрігер тексеру және консультация беру үшін бір ставкаға немесе еңбекке сағаттық ақы төлеу шартымен тартылады.

2. Тексерілетін балалардың саны бір жұмыс күні 8-10 баладан асқан кезде штат бірліктерін ұлғайтуға жол беріледі.

3. Басшы немесе оны алмастыратын тұлға штат санының лимиттері шеңберінде қажет болған жағдайда лауазымдардың штат бірліктерін жылына бір рет ауыстыруды жүзеге асырады.

Оңалту орталықтары

| Лауазымдардың атауы                           | Штат бірліктерінің саны |
|-----------------------------------------------|-------------------------|
| Басшы                                         | 1                       |
| Әдіскер                                       | 1                       |
| Дефектолог-мұғалімі<br>(олигофренопедагог)    | 1                       |
| Сурдопедагог                                  | 1                       |
| Тифлопедагог                                  | 1                       |
| Логопед-мұғалімі                              | 1                       |
| Педагог-психолог                              | 1                       |
| Әлеуметтік педагог                            | 1                       |
| Невропатолог-дәрігер                          | 1                       |
| Реабилитолог-дәрігер                          | 1                       |
| Массажист                                     | 1                       |
| Дене шынықтыру<br>(емдік) бойынша<br>нұсқаушы | 1                       |
| Тіркеші                                       | 1                       |
| Бухгалтер                                     | 1                       |

Ескертпелер:

1. Қажет болған жағдайда медициналық бейіндегі басқа мамандар 0,5 бірлік лауазымның немесе еңбекке сағаттық ақы төлеу шартымен тартылады.

2. Балалардың күндізгі және/немесе қысқа мерзімді болу топтары болған кезде тәрбиеші мен тәрбиешінің көмекшісі лауазымдарының штат бірліктері

1 топқа бір штат бірлігі есебінен белгіленеді. Топтардың толықтырылуы Санитариялық қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Арнайы педагогтің, педагог-психологтің бір штат бірлігіне 12-14-тен астам балалар саны ұлғайған кезде штат бірліктерін ұлғайтуға жол беріледі.

4. Музыкалық жетекшісі лауазымының штат бірлігі күндізгі және/немесе қысқа мерзімді болу тобына 0,25 лауазым бірлігі есебінен белгіленеді.

5. Дене шынықтыру (бейімдеу) мұғалімі лауазымының штат бірлігі күндізгі немесе қысқа мерзімді болу тобына 0,25 лауазым бірлігі есебінен белгіленеді.

6. Басшы немесе оны алмастыратын тұлға штат санының лимиттері шеңберінде қажет болған жағдайда лауазымдардың штат бірліктерін жылына бір рет ауыстыруды жүзеге асырады.

#### Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері

| Лауазымдардың атауы                        | Штат бірліктерінің саны |
|--------------------------------------------|-------------------------|
| Басшы                                      | 1                       |
| Әдіскер                                    | 1                       |
| Дефектолог-мұғалімі<br>(олигофренопедагог) | 1                       |
| Сурдопедагог                               | 1                       |
| Тифлопедагог                               | 1                       |
| Логопед-мұғалімі                           | 1                       |
| Педагог-психолог                           | 1                       |
| Әлеуметтік педагог                         | 1                       |
| Дене шынықтыру<br>(бейімдеу) мұғалімі      | 1                       |
| Медбике                                    | 1                       |
| Тіркеуші                                   | 1                       |
| Бухгалтер                                  | 1                       |

#### Ескертпелер:

1. Қысқа мерзімді болу топтары болған кезде тәрбиеші мен тәрбиешінің көмекшісі лауазымдарының штат бірліктері топқа бір штат бірлігі есебінен белгіленеді. Топтардың толықтырылуы Санитариялық қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Арнайы педагог, педагог-психолог, дене шынықтыру (бейімдеу) мұғалімінің бір штат бірлігіне 12-14-тен астам балалар саны ұлғайған кезде штат бірліктерін ұлғайтуға жол беріледі.

3. Музыкалық жетекшісі лауазымының штат бірлігі қысқа мерзімді болудың бір тобына лауазымның 0,25 бірлігі есебінен белгіленеді.

4. Басшы немесе оны алмастыратын тұлға штат санының лимиттері шеңберінде қажет болған жағдайда лауазымдардың штат бірліктерін жылына бір рет ауыстыруды жүзеге асырады.

Аутизмі (аутистикалық спектрдегі бұзылыстары) бар балаларды қолдау орталықтары

| Лауазымдардың атауы                | Штат бірліктерінің саны |
|------------------------------------|-------------------------|
| Басшы                              | 1                       |
| Әдіскер                            | 1                       |
| Арнайы педагогтер                  | 1                       |
| Педагог-психолог                   | 1                       |
| Дене шынықтыру (бейімдеу) мұғалімі | 1                       |
| Тіркеуші                           | 1                       |
| Бухгалтер                          | 1                       |

Ескертпелер:

1. Арнайы педагог және педагог-психолог лауазымдарының штат бірлігі аутизмі бар 4-6 балаға белгіленеді, балалар саны ұлғайған кезде штат бірліктерін ұлғайтуға жол беріледі.

2. Басшы немесе оны алмастыратын тұлға штат санының лимиттері шеңберінде қажет болған жағдайда лауазымдардың штат бірліктерін жылына бір рет ауыстыруды жүзеге асырады.»;

«Білім беру ұйымдарына (жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда) ортақ жекелеген лауазымдар бойынша білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары.» деген 8-тарау;

мынадай мазмұндағы 34-тармақпен толықтырылсын:

«34. Білім беру ұйымдарында (арнайы топтардан/сыныптардан, арнайы бала бақшалардан/мектептерден басқа) педагог-ассистент лауазымының штат бірлігі психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның ұсынымы бойынша белгіленеді.

Білім беру ұйымдарындағы жеке көмекші лауазымының штат бірлігі психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның ұсынымы бойынша белгіленеді.».

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Инклюзивті және арнайы білім беру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Министр**

**Ғ. Бейсембаев**

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы  
Туризм және спорт министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі

**Согласовано**

18.03.2024 11:31 Кадырбаева Ж.С. ((и.о Елюбаева Д.Ч.))

**Подписано**

18.03.2024 11:51 Оспан Еділ Сабырұлы



|                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|----------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Тип документа                          | Исходящий документ                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| Номер и дата документа                 | № 3-07-3/1902-И от 18.03.2024 г.                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| Организация/отправитель                | МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН                                                                                                                                                                                                                                                         |
| Получатель (-и)                        | ДРУГИЕ.                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| Электронные цифровые подписи документа |  Республиканское государственное учреждение "Комитет по охране прав детей Министерства просвещения Республики Казахстан"<br>Согласовано: КАДЫРБАЕВА ЖАНИЯ<br>MIIR0gYJ...9Fg4YsvdN<br>Время подписи: 18.03.2024 11:31 |
|                                        |  Государственное учреждение "Министерство просвещения Республики Казахстан"<br>Подписано: ОСПАН ЕДІЛ<br>MIISHgYJ...vTTUK1g==<br>Время подписи: 18.03.2024 11:51                                                      |
|                                        |  Государственное учреждение "Министерство просвещения Республики Казахстан"<br>ЭЦП канцелярии: МАРДАНОВА ЖАНАР<br>MIISqgYJ...Rt+YWrRkf<br>Время подписи: 18.03.2024 14:52                                            |



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.